

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «14» желтоқсан

БЖЗК 2018 жылдың үздік жұмыс берушісін атады

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнетақы жинақтарының құрметті демалысқа шыққанда лайықты өмір сүруге арналған инвестиция екендігін тағы да еске салады. Зейнет жасында лайықты табыс алу үшін міндетті зейнетақы жарналарын, оның ішінде ерікті жарналарды да уақытылы және толық көлемде Қорға аударып отыру қажет. Қазақстандықтар ерікті жарналарды өзінің немесе (жұмыс істемейтін, табысы аз) туған-туыстарының пайдасына аудара алады. Бұдан басқа, жұмыс берушілер де жұмыскерлерін жұмысқа ынталандыру үшін олардың пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) аудара алады.

Қазақстанда өз қызметкерлерінің бүгінгі мен болашағын ойлайтын компаниялар көп емес. Бірақ бар. БЖЗК мамандары отандық компаниялар тарапынан 2017 жылдың тамызы мен 2018 жылдың тамызы аралығында аударылған ерікті зейнетақы жарналарының көлеміне талдау жасады. Талдау қорытындысы бойынша ЕЗЖ төлеуші-жұмыс берушілердің тізімі жасалып, жарналардың санына қарай, «БЖЗК» АҚ таңдауы бойынша 2018 жылдың үздік жұмыс берушісі» байқауының жеңімпазы анықталды. Ол – «Қазақтелеком» акционерлік қоғамы.

Қор басшылығының айтуынша, «Қазақтелеком» АҚ – HR-саясаты (кадрлық саясаты) нақты қалыптасқан қазақстандық компаниялардың бірі. Онда қызметкерлер құрамы, олардың біліктілігі, жұмысқа деген ынтасы үлкен маңызға ие. Қазақтелекомның өтіп бара жатқан жылдың ең үздік компаниясы атануы – қызметкерлерінің бүгінгі мен болашағын қамсыздандыруға ерекше көңіл бөлетін, әлеуметтік-жауапты, адал ниетті, қызметкерлері үшін ашық компания екендігін білдіреді. Өз кезегінде Қор басшылығы қолайлы еңбек жағдайларын жасауға, еңбек ұжымының зейнетақы жинақтарын қалыптастыруға ұмтылатын компаниялар санының әлі де арта түсетіндігіне үміт артады.

Салтанатты марапаттау рәсімі Алматы қаласында «Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне 20 жыл: қорытындылар, сын-тегеуріндер, даму келешегі» атты тақырып аясындағы Дөңгелек үстел барысында өтті.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz